

Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысын келісім-шарт негізінде ауыстыруды жеделдету жөніндегі шаралар туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 24 ақпандағы N 135. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдаланушылар мен Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар арасындағы жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасасу процесін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы мен кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.21. N 73 қаулысымен. Р 0 2 0 0 7 3 _

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі - Құзыретті органдар) жер қойнауын пайдалану құқығына бұрын берілген лицензияларда белгіленген жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарын жасасу мерзімдерін жер қойнауын пайдаланушылардың сақтауына бақылау орнатсын. Жер қойнауын пайдалану келісім-шарты белгіленген мерзімдерде жасалмаған жағдайда, келісім-шартты жасаспау жер қойнауын пайдаланушының кінәсінен болмаған немесе дәлелді себептерден туындаған жағдайлардан басқа, Құзыретті органдар оларды қайтарып алу жөніндегі шараларды қабылдасын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен. Р 9 8 0 5 7 8 _

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.01.21. N 73 қаулысымен. Р 0 2 0 0 7 3 _

2. Жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарын жасасқанға дейін пайдалы қазбалар өндіріп алуды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне роялти түріндегі аударымдардың қоса беріліп отырған мөлшерлері бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.01.21. N 73
қаулысымен. Р 0 2 0 0 7 3 _

3. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасасқанға дейін Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын барлық ұйымдар осы қаулыда бекітілген ставкасына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен роялти түрінде аударымдарды республикалық бюджеттің кірісіне толық және уақтылы аударуды қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.21. N 73
қаулысымен. Р 0 2 0 0 7 3 _

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, жергілікті атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының орындалуына пәрменді бақылау жасауды қамтамасыз етсін. ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.21. N 73 қаулысымен. Р020073_ 5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын. 6. Осы қаулы 1998 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 ақпандағы N 135 қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасасқанға дейін, пайдалы қазбалар өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін республикалық бюджеттің кірісіне роялти түріндегі аударымдардың мөлшерлері ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.21. N 73 қаулысымен. Р020073_ _____

_____ Пайдалы қазбалар топтарының| Аударымдар және түрлерінің атауы | ставкалары, | пайызбен | _____
_____ 1 | 3 _____|_____

Отын-энергетикалық шикізат Мұнай 12 Газ конденсаты 12 Табиғи газ 12 Ашық тәсілмен өндірілетін 5 көмір Жерасты өндіру тәсілімен 2 өндірілетін көмір Радиоактивті шикізат, 8 уран Қара металдар Руда немесе темір 1,5 концентраты Марганец концентраты 1,5 Руда немесе хром 1,5 концентраты Түсті және сирек кездесетін металдар Мыс (құйма, тазартылған, 2 анодты) Концентраттағы мыс 4 Кендегі мыс 9 Қорғасын (құйма) 2 Концентраттағы қорғасын 4 Кендегі қорғасын және 8 мырыш Құйма мырыш 2 Концентраттағы мырыш 4 Бокситтер 8 Концентраттағы қалайы 8 Концентраттағы танталдың 8 бес тотығы Концентраттағы вольфрамды 7 ангидрид Кендегі никель және 4 кендегі кобальт Концентраттағы молибден 6 Асыл металдар Алтын 4 Күміс 3 Металлургияға арналған руда емес шикізат Долomitтер 1 Флюстик әк тастар 1 Қалыптама құм 1 Тау-кен химия шикізаты Фосфорит кеніндегі 1,5 фосфордың бес тотығы Бор кеніндегі бор 1,5 ангидрид Концентрат пен кендегі 1,5 барит Басқа кен емес

шикізат Хризотил-асбест 3,5 Отқа төзімді саз балшық 3,5 Керамика өнеркәсібіне арналған шикізат 3,5 Каолин 3,5 Құрылысқа арналған әк 3,5 тастар 3,5 Ас тұзы Калий тұзы 3,5 Цементтік шикізат 3,5 Бентонит сазбалшығы 3,5 Вермикулит 3,5 Жергілікті құрылыс материалдары Жол құрылысына арналған 4,5 кирлер Әрлеуге арналған әк 4,5 тастар, мәрмар Әрлеуге арналған тау 4,5 жыныстары Құрылыс тастары 4,5 Құмдар және құм-қиыршық 4,5 қоспасы Шығы өнеркәсібіне 4,5 арналған шикізат Керамзитті шикізат 4,5 Кірпіш жасайтын сазбалшық 4,5 Гипс және гипсангидритті 4,5 тастар Бор 4,5 Жарқылтас шикізаты 15 Жерасты сулары 10 Басқа да пайдалы қазбалар, 5 оның ішінде сирек кездесетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 ақпандағы N 135 қаулысына қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір ш е ш і м д е р і н і ң Т І З Б Е С І

"Республикалық Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 6 қазандағы N 824 P920824_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 38, 574-құжат).

"Жер қойнауын қорғау және минерал-шикізат базасын қалпына келтіру жөніндегі Республикалық қор құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 407 P930407_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 17, 211-құжат).

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 6 қазандағы N 824 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 желтоқсандағы N 1290 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 50, 601-құжат).

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 407 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 27 мамырдағы N 570 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 23, 247-құжат).

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 6 қазандағы N 824 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1117 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 41, 449-құжат).